




16-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Дәуірлер тоғысындағы Африка
музыкасы





Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Дәуірлер тоғысындағы Африка музыкасы
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Бұл дәрісте ХХғ. мен ХХІғ. басындағы музыкалық әдебитте көрініс тапқан Африка музыкасына деген әртүрлі көзқарастар туралы шолуымызды жалғастырамыз. Осы тақырыпқа этномузыкалогия профессоры Грегори Барс «Дәуірлер тоғысындағы африка музыкасы» атты еңбегін арнаған.

Жақында жарыққа шыққан «Африкадағы музыка өнері: теория, тәжірибе және білім беру» басылымы кең аудитория көлеміне Африка музыкасын үйрету мақсатында талдау, түсіндіру және Африка көркемдік мәдениеті туралы түсініктерді біріктіреді. Кітаптың теориялық көзқарас көлемі, «байырғы халықтардың білім жүйесінің» орналасқан жерін анықтау мақсатында, африкалық музыкалық ансамбльді көрсету үшін алынған білімді Африканың музыкалық өнеріндегі заманауи тәсілдерін қолдануды мақсат етеді. Авторлардың бірі томның бірінші тарауында «африкалық музыка туралы біздің түсінігіміздегі байырғы музыканттар ұғымын қате ой елегінен өткізуді» ұсынады.

Африка музыкасына арналған африкалық авторлар еңбектерінің арасынан шамамен бір кезеңде жарыққа шыққан екі еңбекті атап өтсек болады. Олар: 1974 жылы жарыққа шыққан Квабен Нкетияның «Африка музыкасы» және 1975 жылы басылымнан шыққан Франсис Бебейдің «Африкалық музыка: Халықтық өнер» кітаптары. Олар үлкен танымалдылыққа ие болып, бүкіл әлемдік және университеттік кітапханалар сөрелерінен орын алды.

Нкетия музыкалық аспаптарды зерттеу мен жүйелеуде қолданылған Сакс пен Хорнбостельден мұра болған классикалық жүйеге сүйенеді. Сонымен қатар, мәтін мен әуенді, және де аспаптық ансамбльдерді түсіну мақсатында маңызды жергілікті конструкцияларды енгізеді. Нкетия Гана мен Нигериядағы мысалдарға белгілі бір деңгейде сүйене отырып, Танзанияда жүргізілген жұмыстарының нәтижелерін кеңінен қолданады. Одан бөлек, Африканың оңтүстігінен Сахараға дейінгі аралығындағы бірнеше аймақтың үлгілерін қосуға тырысады. Нкетияның қысқаша зерттеулерін Африка музыкасын зерттеушілердің кез-келгеніне оқылуы міндетті еңбектерінің арасына қосуға болады. Бұл жұмыс африкалық мәдениеттегі жеке және ұжымдық музыкалық тәжірибелерге, аспаптық типтердің рөліне, ырғақтық өлшеулерге, дәстүрді берудегі өзгерістер мен аудитория мен орындаушы ара-қатынасына қатысты негізгі болжамдарды ашады. Нкетия өзгерістер мен бейімделуді африкалық дәстүрлерге төнген қатер, деп қабылдаудың орнына, мұндай заманауи аспектілер шындығында, «Африкадағы музыкалық дәстүрлерді қолдайды» деп есептеуді жөн көреді.

Франсис Бебей африкалық музыканы «шу» және «түсініксіз дыбысталу» деп қабылдайтын аудиторияға Африка музыкасын түсінікті ету мақсатында мәтіні көрнекілігі бай материалдарды ұсынады. Батыс мәдениеті, танымал дәстүр және африкалық үлгілерді салыстыруға сүйене отырып, Бебей музыканы өзі ілескен мәдени оқиғалармен байланыстыруға тырысады. Осылайша, музыка - дәстүрдің толыққанды отбасын бейнелейтін туыстас өнерін қалыптастырады.

Франсис Бебей Батыс Африка мен әртүрлі француз тілді музыкалық мәдениет үлгілеріне сүйене отырып, кітаптың 1969-шы жылғы алғашқы басылымында жиналған кең көлемді музыкалық үлгілерін көрсетеді. Ол маман емес, африкалық емес тыңдаушыларға бет бұрып, оларды африкалық дәстүрді өзіндік талабы бойынша қабылдап, баға беруге шақырады. Сонымен қатар, ол африкалық дәстүрлердің өзгерулері мен бейімделуі, заманауи өзгерістердің орын алуына қатысуы керек деп есептейді. Музыкалық дәстүрлердің «жүз пайыз африкалық» болып қалуы үшін жалғыз кепілдік, музыканың формалды элементтерінің өзгеруіне мүмкіндік беруді көздейді.

АФРИКАЛЫҚ МУЗЫКА ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҰҚСАСТЫҚ

Музыкалық ғылым барлық «Африка музыкасын» жаулап алғысы келгеннен кейін, Африканың өзіндік географиялық аймақтарына арналған зерттеулердің жарыққа шығуы қисынды қадам болды. Дегенмен, аймақтық ұқсастыққа қатысты континенттегі зерттеулердің көбеюі бір уақытта жүзеге асты; 1960жылдың өзінде ғалымдар жергілікті және аймақтық музыкалық дәстүрлерді байланыстыратын ірі ауқымды электрондық кітапханаларды алу мақсатында, континенттің тарихи бөлімшелерін жазу мен аймақтық зерттеулер жүргізе бастауымен ерекшеленді. Бұл бағыттағы алғашқы жұмыстарға Роуз Брандельдің «Орталық Африка музыкасы: этномузыкатанушылық зерттеулері» қомақты еңбегі жатады.

АФРИКАЛЫҚ МУЗЫКА ЖӘНЕ ГРЭММИ-ДЕГІ ЭТНОМУЗЫКОЛОГИЯ

1991 жылы Грэмми премиясында «әлемдік музыка» жанрындағы уздік альбом атты жаңа бағалау деңгейі ұсынылды. Осы марапатпен Микки Харт, Дори Кайми, Джипси Кингс, Милтон Насименто және Салиф Кейталар марапатталды. Жыл сайынғы әлемдік музыкалық номинацияларға ең басынан аз дегенде бір



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Дәуірлер тоғысындағы Африка музыкасы
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

африкалық әртіс кіргізілген. Этномузыкатанушы Вейт Эрлманн 1987 жылы «Оңтүстік Африкадағы Зулудың хор музыкасы» жұмысы үшін «Үздік дәстүрлі халық жазбалары» категориясы бойынша жүлдеге ие болғанын айта кеткен жөн. Келесі жылдарда Афропоп жанры осы категорияда кеңінен танылды. Грэмми-дің көзқарасы бойынша Африка әлемдік музыка категориясы және танымал музыка жанры ретінде пайда болған сәттен бастап мықты болды. Афропоп жанр ретінде әлемдік музыкада өзінің орнын кеңейту мақсатында тез арада өз орнын тапты. 1999 жылы бес үміткердің ішінде төртеуі африкалық болды: Афро Кельт тобы, Цезария Эвора, Салиф Кейта, Али Фарка Туре және Каэтано Велозу. Алайда, 2004 жылы «әлемдік музыка» категориясының орнына екі жеке марапат ұсынылды: «Әлемдік музыканың үздік дәстүрлі топтамасы» және «Әлемдік музыканың үздік заманауи топтамасы». Аталған номинациялар бойынша киелі Тибеттік діни әнмен Шераб Линг шіркеуінің сопылары «Дәстүрлі» тобын, ал Батыс Африкалық Сезария Эвора «Заманауи» тобын иемденеді.

Келесі жылы африкалық музыкалық дәстүрлердің этномузыкатанушысы «Дәстүрлі әлемдік музыка» дәрежесі бойынша продюсер ретінде марапатталды. Уганда Абаюда еврей халықтарының музыкасы Грэммидің жаңа дәрежесі бойынша африкалық ғалымдардың бастамасы болды. Үш жылдан соң, 2008 жылы Кембридж жинағындағы кіріспе авторы Грегори Барз «Үміт әндері» кітабының авторы ретінде марапатталды.

Ал, 2009 жылы Смитсон фольклор орталығы мен мәдени мұра орталығының директоры әрі музыкатанушы Даниэль Шихи көптеген номинация және екі марапат алып, «Грэмми» жүлдесі бойынша африкалық музыка ұстанымын бұзды. Оның екі марапатының соңғысы 2009 жылғы альбомының жазылуына арналған.

Жазбалардың әртүрлі тасымалдаушылары ұзақ уақыт бойы африкалық музыкалық дәстүрлер туралы білімдерді сақтаушылар болды. Осы уақытта жарыққа шыққан бірнеше топтамалар қатарының әртүрлілігінің куәсі ретінде Хью Терсиде жинақталып, 1960 жылы Оңтүстік Африкада орналасқан Халықаралық африкалық музыка кітапханасында жарыққа шыққан жазбалардың бірқатарын атап өтсек болады.

Африкалық музыканың «Грэмми» жүлдесінде және ірі көлемді академиялық дыбыс жазбаларында тұрақты орын алды. Бұл Африка музыкасының зияткерлік жаттығулар, құжаттамалар мен талдаулардың көзі ретінде, сондай-ақ африкалық және африкалық емес тұтынушылар үшін көңіл көтеру негізі ретінде көпшілік пен этномузыкатанушылардың әлі де қызығушылық тудыратындарын көрсетеді.

Африкалық этномузыкатанушылар осы уақытқа дейін отарлық кезең тақырыбына аз қызығушылық танытты. Олар сондай-ақ ырықтандыру, мысалы, жаппай жұмыскер күшінің қозғалысы үшін саяси қоғам шарттарын өзгерту бағытында жұмыс жасауға асықпады. Бұл әрбір этномузыкатанушының айрықша белсенді болуы керек дегенді білдірмейді. Бұл этномузыкатанушы мен оның субъектісінің арасындағы асимметриялық байланыс кездейсоқ емес, екенін еске салады; іс жүзінде бұл этномузыкатанушылық білімді өндіру мүмкіндігінің шарты болып табылады.

Мәдени құндылықтарды қорғау, мүмкін этномузыкатанушының әр уақыттағы негізгі ұстанымы болған шығар, бірақ қазір ол африкалық аяда ашық талқылануда. Зерттеудің бастапқы қолжетімділігінің теңдігіне қатысты нақты сілтемемен, зерттеуші Агаву бұл сұрақты «Африкалық музыканы таныстыру: құлдықтан кейінгі жазбалар, сұраныстар, ұстанымдар» еңбегінде көтереді. Қазіргі заманғы африкалық фольклористтер үшін мәдениетті көтерумен қатар қоғамдық қайраткер ретінде қызмет атқару ерекше маңызға ие.

Агаву зерттеушілер мен қоғамдастық арасындағы бұрыннан қалыптасқан шиеленісті көрсетеді: зерттеуші із қалдырмауы және зиян тигізбеуге тиіс; зерттеуші зерттелетін материалға өзгеріс енгізбеуі тиіс; сонымен қатар қорғамауы тиіс. Дегенмен, этномузыкатанушы қазіргі таңда саяси қозғалыстарды немесе медициналық мәселелерді зерттейді, өзін ынтымақтастық, араласу ұстанымдарында жиі көрсетеді және өзі зерттейтін музыкалық мәдениет сабақтастығында саяси белсенділікке ие болады. Ағымдағы зерттеу жобаларының, мәдени насихат пен белсенді қызмет аясында білім өндіруге сүйенеді, сондай-ақ оларды мәдени жағдайда көрсетеді. Майкл Фришкопфтің «Үміт: Либерия қашқындарының музыкасы» атты жобасында Либерия қашқындар ұйымының танымал музыка үлгілері жазылып, компакт-диск ретінде шығарылған. Бұл жобаның мақсаттарының бірі - жалпы білім беруге қаражат жинау, сондай-ақ Альберта Будубуран жобасы аясындағы ғылыми зерттеу болды. Өйткені, байырғы этностық топтардың музыкасы соңғы теориялар аясында оны тыңдаушыларға моральдық және физикалық сауығуды сыйлайды. Сонымен қатар, аталған осы тамаша қасиеттерге этникалық өзін-өзі сәйкестендіру сезімінің пайда болуы және қадір-қасиетін қайта өркендету қосылады. Альберта Будубуран өз зерттеулерінде музыканы сезіммен



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Дәуірлер тоғысындағы Африка музыкасы
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

қабылдау маңыздылығын атап өтіп, басқа жерде өмір сүруге мәжбүр болған либериялықтарға өзінің қайталанбастығы мен ерекшелігін қайтаруға көмектесуге тырысады.

Дәл осылай, 2010 жылы «Кампала Флоу: Угандалық Шығысафрикандық хип-хоп» жобасы студенттердің жетекшілігімен университеттік зерттеу жобасынан өсіп шықты. Вандербильда университетінде ол медицина және денсаулық сақтау кафедрасының ұйымдастыруымен құрылды. Ол 4 жыл қатарынан жалғасып келді, ал әрі қарай Құрама Штаттардың студент-ординаторлары оны жергілікті угандалық емханалар мен мектептерде қолдануға тырысты. Сөзінде АИТВ (ВИЧ) / ЖИТС (СПИД)-пен байланысты мәселелер туралы айтылған би және лирикалық музыканың дыбысталуының арқасында жергілікті қауымдастықтарда осы және басқа да әлеуметтік мәселелер туралы түсінігі өсті. Алайда жергілікті хип-хоп қоғамдастығы сол уақытта эфир уақытын жазып алып және қол жеткізе алмағандығына көз жеткізді. «Кампала Флоу» жергілікті музыканттар қоғамдастыққа қатысты «әлеуметтік саналы» мәтіндерді дыбыстай алатын килігу ретінде ойластырылған. Теолог Джеральд Лю мен осы бөлімнің авторы этномузикатанушы Грегори Барстың бірігуімен, Кампала дыбыс жазу студияларында зорлық, АИТВ (ВИЧ) / ЖИТС (СПИД), мектепте білім алуға төленетін ақы, гендерлік сұрақтар, ерлі-зайыптылық күш көрсету және мұраға ие болу құқығы секілді жергілікті маңыздылыққа ие мәселелерге арналған тректер жазылды. Кейінірек «Inanga: Руанда қызының тірі қалу әні» жобасында CD ілесіп жүретін деректі фильм ұсынылған. Хордофондағы музыкалық сүйемелдеу тектен-текке таңдалмады – бұл панэтникалық аспап көптеген елдерді және музыканттарды біріктірді, аспапта ойнайтын музыканттар - ауырсыну мәселелері мен ашуға ие Африканың қазіргі қоғамындағы бірлік және татуласу қозғалысының белсенділері болды.

Заманауи Африкадағы үлкен жауапкершілікті талап ететін тақырыптармен жұмыс жасайтын ғалымдарға қарапайым халық құқықтарын қорғау үшін жергілікті және мемлекеттік органдармен сөзге келіп, шиеленістерге араласуға тура келеді. Медицина және денсаулық сақтау мәселелері бойынша зерттеулер осындай «белсенді» араласулармен жиі сипатталады. «Африкадағы ЖИТС (СПИД) мәдениеті: «Музыка мен өнердегі үміт пен дауа» баспасында автор енжар қатысуы, құжаттама мен талдау бұдан былай этномузикашылар үшін таңдау болып табылмайды, өйткені олар өмір сүру және жұмыс істеу құрметіне ие болған жергілікті мәдениетпен әріптестіктің сансыз тәсілдеріне жақындайды.

АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІН ӨЗГЕРТКЕН АФРИКАЛЫҚ МУЗЫКА ТУРАЛЫ КІТАПТАР

Этномузикатанушылық мәтін тек пән ішінде ғана емес, сонымен қатар көпшілік қауым арасында да классикаға айналуы үлкен жетістік болып саналады. Белгілі бір себептермен, африкалық музыкалық мәдениеттердегі жұмыстардың әртүрлілігі кең үндеуге ие болды және басқа да жаһандық музыкалық дәстүрлерді түсінуге ықпал етті. Колин Тернбулл мен Джон Чернов Африка музыкасын көпшілік арасында академиялық тақырып ретінде дамытып, танымал етті.

Тернбулланың 1968-ші жылғы бестселлері «Орман адамдарында» музыкалық орындаулар зерттеудің баяндауына енгізілген. Онда сонымен қатар, «Орман туралы ән» тақырыбында жеке бөлім бар. Джон Чернов «Африкалық ырғақ және Африкалық сезімталдық: эстетика және африкалық музыкадағы әлеуметтік әрекеттер» еңбегінде 1979 жылы жарыққа шыққан. Африкалықтар арасында бұл еңбектер танымалдыққа ие, бірақ бір таңғаларлығы – олар кең тұтынушыға қызықты болды. Пол Берлинер «Мбира жаны: Зимбабвадағы шон халқының музыкасы мен дәстүрлері» еңбегінде африкалық музыкалық аспаптардың жаңа, мәдени бағыттағы зерттеулерін жүргізді. Оның мәтіндері Мбираның музыкалық аспап ретіндегі күрделілігіне ғана қатысты емес, сонымен қатар этнографияның күрделі өнер түрі ретінде қабылдауда ғалымдар мен студенттерді ынталандыруды жалғастыруда.

Чарльз Кейлдің «Тив әні: Өнер әлеуметтануы» атты классикалық еңбегі тапсыз қоғамда әдемі әрі поэтикалық түрде жазылған этнография үлгісі ретінде қызмет етуді жалғастыруда. «Адам қаншалықты музыкаға қабілетті?» тақырыбымен біріктіріліп жарыққа шыққан Джон Блэкинг дәрістері, бізді Оңтүстік Африканың венд халықтары арасында музыка мен тәндік (тіпті биологиялық) өзара әрекеттесуін қарастыруға итермелейді.

Оның вендтердің негізгі музыкалық қабілеттерін талдауы бізді дарын мен бастапқы музыкалық тәжірибе туралы мәдениетаралық түсініктерді пайда болған үеріс ретінде қарастыруға итермелейді. Белгілі музикатанушы Кей Шелемей өзінің фалаш этнографиясында - Эфиопиядан келген еврейлер, этномузикатанушылық ойдағы діни рәсімдер мен дәстүрлерді зерттеуге назар аударды (1989). Шелемейдің шығармалары теория мен тәжірибе арасындағы қатаң қарым-қатынастың арқасында ғана емес, өзінің



гуманистік тартымдылығына да сенімді.

Мишель Кислюктің Орталық Африка Республикасының Бак деп аталатын пигмеялық тайпалары туралы зерттеулері аудиосы жазылып жарияланған мәтіннің компакт-дискте бірігуін талап ететін дәуірге келуіне көмегін тигізді. Оның этнографиясы этномызикатануды ұзақ уақыт романтизацияланған және бірнеше жасанды бейнеде ұсынылған африкалық қоғамдастықтардың қызықты пәнаралық талдауына әкелді. Осы музыкатанушылардың барлығы классикалық этнографияны пән шеңберінде де, жұртшылық арасында да құрды, олар әлемдік музыкаға деген қызығушылықты оятуда африкалық музыка ғылымының маңыздылығын еске салады.

Грегори Барс қорытынды бөлімде мынадай тұжырымдар келтіреді. Африкалық музыканың қысқартылған дискурсивтік тарихын этномызикатануда таныстыра отырып, Эрих Хорнбостельмен белгіленген мәселені шешуге әрекет жасалды. Нақтылай айтсақ - материал жинау қиындығы мен зерттеліп жатқан халықтардың әлеуметтік өміріне араласпау ұстанымы. Африканың музыкалық мәдениеті құжатталған ең алғашқы жұмыстарда, африкалық және еуропалық музыкалық дәстүрлерде табиғи жолмен орын алатын өзгерістер мен бейімделулерді қалайша алдын алу керек екендігі туралы түсініктер нақты көрсетілген. Африкалық музыканың алғашқы авторлары, өздерінің негізгі мақсаттарының бір бөлігі «африкалық музыка» ұғымын ұжымдық тұтастық ретінде түсінуді қамтамасыз ету екенін – бүкіл музыка әлемін жақсы түсінуге үлес қосу керектігін айқын түсінді.

Демек, осы қысқаша дискурсивтік тарих, африкалық музыкалық зерттеулердің көптеген және, бәлкім, әртүрлі этникалық топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыратын тарихи қабілетін ескереді. Африкалық көркемдік мәдениет туралы көзқарастар, ең басынан әлемдік кітапханалар сөрелерінен орын алатын аяқталған этно-дәстүрлер зерттеулерін болжады. Бірақ мәселе, осы этникалық дәстүрлердің ылғи тұрақты қозғалыста екендігінде және әлеуметтік, саяси мәселелер, ал соңғы жобалар мен зерттеулер жергілікті жанрлар мен музыкалық дәстүрлерге тіпті, медициналық әсер де өзгеріс тудыратынын көрсетті. Африкалық музыка этнографиясы күнделікті өмірде студенттер және ғалымдармен қатар, көпшілік қауымға да ұнаған. Егер өз уақытында құжаттау, талдау жүргізіліп және африкалық музыкалық шығармаларды аударып отырса, онда бұл Африкадағы дәстүрлі және танымал жанрлардың сақталуын, өзіндік жаңаруы мен тұрақтануына өте жақсы деңгейде әсер етеді. Бұл үдерістердің әр қайсысы жүзеге асуын бастап кетті. Және, мүмкін, мұндай ассимиляция, өзгерту және бейімдеу африкалық музыканың жалпы әлемдік музыкаға әрдайым қосып отырған үлесінің бір бөлігі болды.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Тан П. (2007) Мастера сабара: Wol of Griot Сенегал ПеркуSSIONистері, Филадельфия, Пенсильвания: Temple University Press
2. Thieme DL (1964) Африкандық музыка: Қысқаша аннотацияланған библиография, Вашингтон, Колумбия округы: Конгресс кітапханасы
3. Tilton JT (ed.) (1984) Worlds of Music: Әлем халықтарының музыкасына кіріспе, 1-і басылымы, Нью-Йорк
4. Ширмер Трейси Х., Дж. Кубик и АТН Трейси (1969). Африкандық музыка мен оқулығын кодификациялау жобасы. Ел іші зерттеулеріне практикалық ұсыныстар оқулығы, Roodepoort, Оңтүстік Африка: африкандық музыкасының халықаралық кітапханасы
5. Турино Т. (1997) «Сахараның оңтүстігіндегі елдердің музыкасы», кітапта В. Nettl et al. (ред.), World Music экскурсиялары, 2-е басп, Аппер-Седл-Ривер, Нью-Джерси
6. Тернбулл С. (1968) Орман адамдары, Нью-Йорк
7. Саймон мен Шустер Варлей ДН (1936) Африкалық Native Музыка: Аннотациялы библиография, Лондон:
8. Вахсманн, К. (1953) «Дыбыстық аспаптар», кітапта М. Trowell (ed.), Tribal Crafts of Uganda, Лондон: Оксфорд университетінің баспасы, Африка музыкасы мен тарихының очерктері кітапта е, Эванстон, Иллинойс: Солтүстік-батыс университеттік баспасөз
9. Wachsmann K. және P. Cooke (1980), «Africa», в S. Sadie (ed.), New Music Grove Dictionary of Music and Musicians, vol. 1-й Эдн, Лондон: Macmillan
10. Уоррен Ф., Л. Уоррен и П. Нейлор (1970) Африка музыкасы : Кіріспе, Энглвудтық құз, Нью-Джерси: Прентис-Холл Уотерман, Калифорния (1990) Джуджу: танымал африкандық музыканың әлеуметтік тарихы мен этнографиясы, Чикаго Университеті, Wendt баспасы, CC (2000) «Солтүстік Африка:



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Дәуірлер тоғысындағы Африка музыкасы
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Кіріспе», кітапта RM Stone (ed.), The Garland Handbook of African Music, Нью-Йорк